




Пайдаланушының қысқаша нұсқаулығы

Құттықтаймыз!

Сіз шағын караоке клубтары мен караоке бөлмелерінде қолдану үшін Studio Evolution компаниясы әзірлеген кәсіби EVOBOX Club караоке жүйесінің иегері болдыңыз.

EVOBOX-ты қосыңыз, белсендіріңіз және теңшеңіз.

Қосу



1. HDMI кабелін пайдаланып, теледидарды EVOBOX-қа қосыңыз ②.
2. EVOBOX-ты RCA кабелі арқылы аудио жүйеге қосыңыз ⑥.
3. TRS кабельдерін пайдаланып, сымды динамикалық микрофондарды немесе сымсыз микрофон қабылдағышты тиісті Mic1 және Mic2 кірістеріне қосыңыз ⑤.




Сымды конденсатор микрофондары 48 В фантомдық қуат адаптері арқылы қосылады.

4. EVOBOX-ты қуат көзіне қосыңыз ①.
5. Теледидарды қосып, караоке жүйесі қосылған HDMI кірісін таңдаңыз.
6. Экрандағы нұсқауларға сүйене отырып, қашықтан басқару пультін қосыңыз, тілді және уақыт белдеуін таңдап, ғаламтор байланысын теңшеңіз.



Назар аударыңыз! Толық режимде жұмыс істеу үшін караоке жүйесі интернетке қосылуы керек. Ғаламторға сенімді қосылу үшін желілік қосылымды қолданған дұрыс.




ЕСКЕРТУ! Бұл нұсқауларды орындамау өрттің шығуына, электр тогының соғуына, сондай-ақ әртүрлі дене жарақаттарына немесе жабдықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Қосу туралы қосымша ақпарат

2-ден астам микрофондар мен басқа да аудио көздерін қосу.

Егер сізге қосымша аудио жабдықты қосу қажет болса, микшер пульті* арқылы қосылымды пайдаланыңыз.


 Микшер пульті арқылы микрофондар мен аудио жүйелерді қосу кезінде EvoControl-да караоке-композициялардың, микрофондардың және олардың әсерлерінің дыбыс деңгейін басқару мүмкін емес.

Бірнеше теледидарды қосу.

Бірнеше теледидарды қосу үшін HDMI-сплиттерін пайдаланыңыз*.

* Жиынтыққа кірмейді.

Белсендіру

 EVOBOX ғаламторға қосылған болуы керек.

EVOBOX-ты белсендіру

Белсендірілмеген EVOBOX караоке жүйесі кіріспе режимінде жұмыс істейді және сіз оны шектеулермен пайдалана аласыз. Әнді ойнату ұзақтығы 45 секундпен шектеледі.


Караоке жүйесін белсендіру үшін теледидардағы кеңестерді пайдаланыңыз.

Жазылымды сатып алу


Жазылымды сатып алуға және ол туралы толық ақпаратты EVOBOX теңшеулеріндегі **Жазылым** бөлімінен және келесі мекен-жайдағы **Studio Evolution** жеке кабинетінен алуға болады <https://account.studio-evolution.com>

EVOBOX арқылы жазылымды сатып алу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Пульти пайдаланып, EVOBOX теңшеулеріне өтіп, Теңшеулер мәзірінен **Жазылым** бөлімін таңдаңыз.
2. **Сатып** алу түймесін басып, сатып алғыңыз келетін жазылымды таңдаңыз.
3. Жазылымды сатып алу үшін теледидардағы нұсқауларды орындаңыз.



Жеке кабинет




КЕРЕМЕТ! Караоке жүйесі белсендірілді.

Басқару

Караоке жүйесін негізгі басқару планшетке (iOS немесе Android) орнатылған EvoControl фирмалық қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.

EVOBOX-ты басқару үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. QR кодын сканерлеп, қосымшаны орнатыңыз.
2. EvoControl-ды іске қосыңыз.
3. **Теңшеуді** басып , **Қосылымды** таңдаңыз.
4. Қосылу мәзірінен қосылғыңыз келетін EVOBOX-ты таңдаңыз.

 EVOBOX пен планшет бір Wi-Fi ішкі желісінде болуы керек.



Басқару элементтері

- 1 Караоке-композицияны ойнатуды басқару.
- 2 Ойнатылып жатқан караоке-композиция туралы ақпарат.
- 3 Караоке-композицияларын іздеу.
- 4 EvoControl теңшеулері мәзірі.
- 5 Виртуалды басқару пульті. EVOBOX теңшеулерін басқаруға арналған.
- 6 Аялық музыка ойнатқышы.
- 7 Караоке, микрофон, әсерлердің дыбыс деңгейін басқару. Караоке-композицияның қарқыны мен тонын өзгерту.
- 8 EVOBOX-ты қосу / өшіру.
- 9 Караоке-композициялар каталогы.
- 10 Ойнату кезегін басқару.
- 11 Караоке-композицияларының тізімі.
- 12 Караоке-композиция мәзірі. Мәзірді ашу үшін әні бар жолды басыңыз. Осы мәзір арқылы сіз:
 - композицияны қоса аласыз;
 - композицияны кезекке/-тен қоса/жоя аласыз;
 - орындаушының барлық әндерін таба аласыз;
 - қарқын мен тонды алдын ала реттей аласыз.



EVOBOX қосымша теңшеуі

EVOBOX Club-пен ыңғайлы жұмыс істеу үшін караоке жүйесін қосымша теңшеуді ұсынамыз.

EvoControl қолданбасында виртуалды пультті  ашып Теңшеулер  түймесін басыңыз. EVOBOX теңшеулерін шарлау үшін джойстик пен түрлі түсті түймелерді пайдаланыңыз.

Негізгілер бөлімі

Караоке ойнату және ән базасын жаңарту теңшеулерін өз талаптарыңызға сай орнатыңыз.



Караоке жүйесінде әрдайым өзекті әндер базасы болуы үшін «Жаңа әндерді автоматты түрде жүктеу» тармағын қосыңыз.

Шектеулер бөлімі

Өз талаптарыңызға сай шектеулер қойыңыз.



Жағымсыз пайдаланушылардың EVOBOX-қа қосылымын бұғаттау үшін «қолданбаларды қосу кезінде Пин-кодын талап етуді» қосып, өз пин-кодыңызды орнатуды ұсынамыз.

Аудио бөлімі

Дыбыс деңгейін, күшейтуді, эквалаизацияны және микрофон эффектілерін, сондай-ақ караоке эквалайзерін реттеңіз.



Егер сымсыз микрофондар қосылған болса (мысалы, SE • 200D), микрофон қабылдағышындағы дыбыс деңгейін қосымша реттеңіз.

Файлдар бөлімі

Аялық музыкаға (WAV, OGG, MP3) және фондық бейнеге (слайды: PNG, JPG, JPEG; видео: MP4, MKV, WEBM, TS) файлдарды қосыңыз.

1. Файлдарды USB жинақтаушына алдын ала жүктеп, оны EVOBOX-қа қосыңыз.
2. Теңшеулерден қажетті ішкі бөлімді ашыңыз (Слайдтар, Фондық музыка немесе Фондық бейне) және **Қосу** батырмасын басыңыз.
3. Модалды терезеден USB жинақтаушысын таңдап, одан файлдарды қосыңыз.

Мекеменің логотипін орнату

EVOBOX интерфейсіне мекеменің логотипін қосыңыз.

1. Логотипі бар файлды алдын ала жасаңыз және оны «logo» деп атаңыз.
2. Файлды USB жинақтаушына жүктеңіз.
3. EVOBOX-ты қосыңыз.
4. USB жинақтаушысын караоке жүйесіне қосыңыз.
5. Диалогтық терезеде виртуалды пультін немесе ДУ пультін пайдаланып логотипті қосуды растаңыз.
6. EVOBOX теңшеулерінде **Негізгілер** бөлімінде логотиптің орналасқан жерін таңдаңыз.



МАҢЫЗДЫ! Файл атауы тек **logo** болуы керек. Мысалы: **logo.png**.
Қолдау көрсетілетін файлдар: PNG, JPG, JPEG.

Жарнама

EVOBOX Club-та теледидар экранында көрсетілетін мекеменің жарнамасы бар жүгіру жолын қосу мүмкіндігі бар.

Жарнамаларды қосу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Келесі мекен-жай бойынша Studio Evolution жеке кабинетіне кіріңіз <https://account.studio-evolution.com>
2. Бүйірлік мәзірден **Жарнаманы** таңдаңыз.
3. Жарнамалық ақпаратты қосыңыз және сол жарнаманы көрсеткіңіз келетін EVOBOX-ты таңдаңыз.



Сіз шексіз жарнамаларды қоса аласыз. EVOBOX-та жарнамалық мәтіндер кезекпен көрсетіледі.

4. EVOBOX теңшеулерінде **Негізгілер** бөліміне өтіңіз.
5. **Жарнамалық жолды көрсету тармағын** қосыңыз.

Караоке-бөлме

EVOBOX Club караоке бөлмесінде жұмыс істеуі үшін EvoControl-да қонақтарға шектеулер қоюды ұсынамыз.

1. EvoControl теңшеулерін ашып шектеулер блогында **Karaoke room-да Басқаруды** қосыңыз.
Бұл шектеуде теңшеулерге, фондық музыка ойнатқышына, виртуалды пультка және EVOBOX-ты қосуға/өшіруге пин-кодты енгізгеннен кейін қол жеткізуге болады.
2. Пин-кодты өзгерту батырмасын басып, өз пин-кодыңызды ойлап табыңыз. Әдепкі бойынша 0000 пин-коды орнатылған.
3. EvoControl үшін қосымша шектеулерді орнатыңыз.



EvoControl-ды негізгі экран ретінде орнатуға болады.

Android-планшеттер үшін — EvoControl теңшеулерінде.

iOS үшін — iPad теңшеулері → Әмбебап қол жеткізу → Гид-қол жеткізу.

Қара тізім

Егер каталогта сіздің мекемеңізде ойнатқыңыз келмейтін әндер болса, оларды Қара тізімге қосуға болады.


Қара тізімдегі әндер каталогта көрсетілмейді.

1. EvoControl теңшеулерін ашып **Караоке** блогында **Қара тізімді** қосыңыз.
2. Қара тізімге қосқыңыз келетін әнді немесе Орындаушыны табыңыз.
3. Ән жолын басыңыз және мәзірден **Қара тізімге ән қосу** немесе **Қара тізімге орындаушыны қосуды** (осы орындаушының барлық әндері, соның ішінде дуэттері де қосылады) таңдаңыз.

Қара тізім режимінен шығу үшін оны EvoControl теңшеулерінен өшіріңіз.

LiveFX. Шынайы концерт әсері

LiveFX шынайы концерттің ерекше атмосферасын жасауға арналған.

Әсер арнайы белгішемен белгіленген караоке композициялары үшін қол жетімді .

LiveFX-ті қосу үшін EvoControl ішіндегі караоке композициясын ойнатуды басқару тақтасындағы түймені  басыңыз.

Сипаттама

EVOBOX Club түсі

Black

Құрылғының өлшемдері мен салмағы

Ұзындығы: 198 мм, биіктігі: 49 мм, ені: 198 мм, салмағы: 900

Караоке жүйесін басқару

Қашықтан басқару Bluetooth-пульті,
EvoControl планшеттік қосымшасы


Аудио кірістер

Микрофон кірістері: балансты TRS 6.3 (Jack), 2 дана
Микрофон кірісінің максималды күшеюі: 32,5 дБ
Максималды кіріс амплитудасы: +0,14 дБн (0,788 Vrms)
Кіріс бойынша сигнал/шу қатынасы: -95,9 дБ (A-weighted)
Динамикалық диапазон: 95,7 дБ
Гармоникалық бұрмаланулар + шу: 0,0011 %
Жиілік диапазоны (+/- 0,5 дБ): 50 Гц-20 кГц
Арналардың өзара енуі: -95,3 дБ
Кіріс кедергісі: 25 кОм
АСТ аудио: 24-bit

Аудио шығыстар

Стерео шығыс: RCA, 2 дана
Шығу бойынша сигнал/шу қатынасы: 99,3 дБ (A-weighted)
Динамикалық диапазон: 99,4 дБ
Гармоникалық бұрмаланулар + шу: 0,005 %
Жиілік диапазоны (+/- 0,5 дБ): 20 Гц-20 кГц
Арналардың өзара енуі: -98,3 дБ
Максималды шығыс амплитудасы: +4,7 дБн (1,34 Vrms)
Шығу кедергісі: 470 Ом
САТ аудио: 24-bit

Жиынтық



EVOBOX Club
караоке жүйесі



Bluetooth-ПДУ



2RCA-2RCA
аудио кабелі



HDMI кабелі



Қуат беру блогы



AAA батареялары,
2 дана.



Пайдаланушы
нұсқаулығы



HDMI терминдері, HDMI High-Definition Multimedia Interface және HDMI логотипі HDMI Licensing Administrator, Inc сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.



Bluetooth логотипі мен сөзі Bluetooth SIG Inc компаниясына тиесілі тіркелген бренд атаулары болып табылады. Мұндай белгілерді кез-келген пайдалану лицензия бойынша жүзеге асырылады.

EVOBOX-пен жұмыс істеу туралы көбірек studio-evolution.com

Құрылғының сыртқы түрі мен интерфейсі осы нұсқаулықта берілген сипаттамадан өзгеше болуы мүмкін.

Бейне

Кескіннің максималды ажыратымдылығы: 4K UHD (3840 × 2160)

Қолдау көрсетілетін файл пішімдері

Бейне: MP4, MKV, WEBM, TS
Дыбыстық: WAV, OGG, MP3
Графикалық: PNG, JPG, JPEG
Караоке: EK2

Қосқыштар мен Интерфейстер

Wi-Fi 802.11ac. Екі диапазондағы жұмыс (2,4 ГГц және 5 ГГц)
Bluetooth 4.1 Low Energy
HDMI 2.0
USB Type-A, 2 шт.
Гигабиттік LAN (RJ45)
Қуат қосқышы

Жинақтауыштар

1 ТБ (HDD)

Жүйе

Процессор: Quad Core Cortex-A53
Жедел жад көлемі DDR4: 2 ГБ
Графикалық ішкі жүйе: Mali-T820 MP3 GPU

Басқалары

Қуат көзі: 12 В / 2 А
Қуат тұтынуы: 24 Вт
Жұмыс температурасының диапазоны: 0-50 °С
Қораптың өлшемдері
(Ұ × Б × Е), мм: 370 × 65 × 275



WWW.STUDIO-EVOLUTION.COM